

егемен

Қазвәтәтәһ

## Конституциялық реформаның қисынды жалғасы

Президенттің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы өткен жылғы конституциялық реформалардың дәйекті жалғасы іспетті. Өйткені еліміздің Ата Заңына енгізілген түзетулерге сәйкес ерекше қорғалатын конституциялық құндылықтардың тізбесі кеңейтілгені белгілі.

Сонымен Республиканың Конституциялық кеңесі өзінің қаулысында Нұрсұлтан Назарбаевтың конституциялық мәртебесі және жеке қасиетінің арқасында тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуына шешуші үлес қосқанын, халық бірлігін, Конституцияны, адам және азамат құқығы мен еркіндігін қорғауды қамтамасыз еткен тарихи миссиясын атап көрсетті. Мұның Жолдауға қандай қатысы бар дерсіз. Менің ойымша, тікелей қатысы бар. Себебі Конституцияның 1-бабының 2-тармағына сәйкес республиканың негізін құрайтын қызметінің басты принциптері – қоғамдық келісім, саяси тұрақтылық, халық игілігі мақсатындағы экономикалық даму, қазақстандық патриотизм. Ал Президентіміз өз Жолдауында жасына қарамай, бүкіл азаматтарды қамтитын білім берудің озық жүйесін құруға назар аударады, яғни адам, оның құқығы және еркіндігі ретіндегі құндылықтар мәселесін көтереді. Жаңа үлгідегі білім беру бағдарламаларының басты басымдықтары тұрақты түрде өзгеріп отыратын білім ағынына бейімдеу және оны меңгеру болуы тиіс. Ерекшеліктерге мән беру арқылы Мемлекет басшысы біртұтас ұлтты қалыптастыруды жалғастыру қажеттігі туралы ескертеді. Бұл міндеттер қоғамдық келісім, саяси тұрақтылық, қазақстандық патриотизм сияқты конституциялық принциптерді дамыту арқылы іске аспақ. Бұл ретте жаңа идеялар мен зерттеулерге, заңгерлер мен философтарға, саясаттанушылар мен қазіргі заманғы тарихшыларға ден қою қажет екені белгілі. Елбасы осы мақсатқа жету жолындағы тиімді жолдардың бірі мемлекеттің тілдік саясатын жетілдіру деп біледі. Бұл жерде мәдениетіміз бен идеологиямызды дамыту мәселесі қоса қарастырылады. Мемлекет басшысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасында бұл туралы атап айтқаны белгілі. Президент Жолдауын оқи келе, оның заманауи терминологияны және әлемде болып жатқан проблемаларды жіті назарда ұстайтынына еріксіз назар аударасың. Заманмен бірге қадам басу үшін Нұрсұлтан Назарбаев барлық басқарушылық процестерді цифрландыру міндетін қойып отыр. Бұл ретте ғалымдарымыз бен құқықтанушыларымызға ойланатын уақыт келді. Осы мәселе бойынша бізде толыққанды заңдық зерттеулер жүргізілген жоқ және осы процестерді құқықтық реттейтін тетіктер де болмай отыр. Алайда бұл ретте шетелдік іс-тәжірибе бар, біз олардың тәжірибелерін зерттеп өзіміздің жеке даму үлгімізді жасауымыз қажет. Айта кететін жайт, Қорымыздың басшылығы осы мәселені талқылау үшін іс-шаралар кешенін жоспарлап отыр (дөңгелек үстелдер, конференциялар). Бұдан басқа Қор Астана халықаралық қаржы орталығымен бірлесіп биылғы шілде айында осы орталықтың жұмысына арналған халықаралық конференция өткізуді жоспарлады. Заңгерлер бірінші кезекте Сот орталығы қызметінің құқықтық режиміне көңіл

аударарды. Президенттің АХҚО-ға қатысты Жолдауда қойған міндеттеріне байланысты қазақстандық ғылымға континенталдық құқық – ағылшын және еуропалық институттар конвергенциясының шетелдік іс-тәжірибедегі үрдісін зерттеу қажет болуы мүмкін. Жолдауда Президент Үкімет алдына бизнесті қолдауды қалыптастыру бойынша жүйелі шаралардың жаңа пакетін дайындау, оны көлеңкеден шығару міндетін қойды. Кейінгі уақытта жемқорлыққа, көлеңкелі экономикаға қарсы күрес бойынша репрессиялық стереотип қалыптасты. Айыпкерлердің қатарында бұрынғы жоғары лауазымды шенділерді көруге болады. Заң алдында барлығы тең. Алайда бизнесті көлеңкеден шығару бойынша жаңа жүйелі шара қабылдау туралы мәселе қою қажет. Бұл бизнесті заңды түрде жүргізуді экономикалық, құқықтық тұрғыдан тиімді етуге жағдай жасау қажет деген сөз. Осы күресте цифрландыру үлкен септігін тигізеді, онда бақылау абсолютті болады, ал жемқорлық кейбір кезде мүмкін де болмайды. Мысалы, блокчейн технологиясы кез келген адамды кезексіз жылжытуға немесе арнайы рәсімді сақтамай-ақ кез келген преференцияларды алуға мүмкіндік бермейді. Бүгін біз бұл идеяларды Президенттің 2018 жылғы 15 ақпанда бекіткен Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарынан көріп отырмыз. Қылмыстық, азаматтық істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер кезең-кезеңмен электронды форматқа көшіріледі. Ол бұрмалау және жемқорлық үшін мүмкіндіктерді азайтады, бұл іс жүргізуді үнемдейді, мемлекет бюджетіне түсетін салмақты, адам мен азаматтың құқығы мен еркіндігіне тигізетін зарарын азайтады. Жемқорлыққа қарсы күрес бойынша алдын алу шаралары арасында азаматтар мен кәсіпкерлердің сұранысына ие қызметтерді көрсетуде тұтынушылармен байланыстарды жеңілдетуге, цифрландыруға және қысқартуға, олардың ашықтығын арттыруға, заңнан тыс әрекет жасау қажеттігі мен мүмкіндігін азайтуға ерекше назар аударылған. Цифрландыру процесі жұмыс істеп кетуі үшін тиісті мамандар қажет. Сондықтан оларды дайындау үшін біздің педагогикалық құрылымдарға, университеттерге, колледждерге немесе орта мектептерге назар аудару керек. Бірінші кезекте әңгіме осындай мамандарды дайындау бағдарламаларын қалыптастыру туралы болуы тиіс. Бүгін бе, ертең бе жұмыс күшінің кейбір белгілі бөлігі босатылатыны анық. Цифрландыру процесі заңдық іс-тәжірибені айналып өтпейді. Бірақ менің ойымша машиналар барлық мамандарды ауыстыра алмайды. Құқықтануда көптеген қайталанатын істер бар, оларды компьютер тіліне ауыстыру және «роботтарға» тапсыру, жасанды интеллектіге беру шарасын жүзеге асыруға болады. Алайда біз құқықтану негіздерінің заң нормаларын біліп қана қоймай белгілі құқықтық құндылықтарды, құқықтың мәнін, атап айтқанда, құқықтық соттың философиясын ұғынуымыз қажет. Судья шешімді әділеттілікті басшылыққа ала отырып қабылдайды, ол үшін заңды шеберлікпен қолдана алатын, болып жатқан жаһандық процестерді зерделейтін жаңа буын заңгерлер қажет болады. Президент қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру туралы айта келе, терминологияны реттеу бойынша көп жұмыс атқаруға шақырды. Бұл өте маңызды проблема және бірінші кезекте заңгерлер үшін өте маңызды.

Көптеген заң терминдері қазақ тіліне 90-жылдардың басында аударылды. Олардың бір бөлігі, қалай аударылғаны заңгерлік қауымдастықта әлі күнге дейін талқылануда. Осыған байланысты мәселені шешуге көп көңіл аударып, өткен қателіктерді ескеру қажет. Кейбір заң терминдері, мысалы «экспертиза» деген сөз бізге латын тілінен келген. Мемлекет басшысы Жолдауда «заңның ұлықтығы» терминімен қатар, «құқықтың ұлықтығы» деген терминді пайдаланады. Қазіргі заманғы заң әдебиетінде заң ұлықтылығы субстанциясымен салыстырғанда, жоғары әрі жан-жақты қамтылатын құқықтың ұлықтығы деген ұғымға басымдық берілетінін атап өткім келеді. Еуропа Кеңесінің Венеция комиссиясы өзінің қаулысының бірінде осы принципті сақтайтын өзге елдер туралы пікір түйю мүмкіндігі туралы критерийді белгіледі. Біздің заңгер-ғалымдар заң шығарушыға және құқық қолданушыларға теориялық негізделген дәйектеме беру үшін, осы құқықтық институтты терең ұғыну үшін осы мәселеге назар аударуы қажет деп ойлаймын.

Игорь Рогов, Тұңғыш Президент – Елбасы Қоры атқарушы директорының орынбасары, заң ғылымдарының докторы, профессор